



Сейдахметов Е.Е.

## БОЛАШАҚ МҰГАЛІМДЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН АҚПАРАТТЫҚ- КОМПЬЮТЕРЛІК ТҮРФЫДА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

*В этой статье рассматриваются вопросы обеспечения информационно-компьютерной технологией при подготовке будущих учителей.*

*This article considers the questions of ensuring information al-computer technology at the athletics lessons.*

Дене тәрбиесі саласындағы студенттердің дайындығын компьютерлік ақпараттық қамтамасыз етуде біз нені түсінеміз, соны анықтарап нақтылау қажет. «Қамтамасыз ету термині» кімді, нені, не нәрсемен қамтамасыз ету, жабдықтау сиякты түсіндіріледі. Студенттердің дайындығын ақпараттық – компьютерлік түрфыда қамтамасыз ету, біздін көзкарасымыз бойынша, өзіне алуан түрлі оқытушы ақпараттарды және білім беру сапасының мониторингісін түзетін, болжамдайтын, басқарушы, жекелей оқытушы технологиялық құралдарды қамтитын біртұтас жүйені құрайды. Бұл орайда студенттердің дайындығын ақпараттық-компьютерлік қамтамасыз ету үшін қажетті база ретінде дайындықтың процессыалдық және мазмұндық жақтарының педагогикадағы дидактикалық біртұтастырылған анықтамалық ұғымына қарағанда, оның оқытушы ақпараттардың қамтамасыз етудің түрі – өзіне екі жеке-дара, дербес және сол мезетте өзара тығызыңызды, бірін-бірі өзара толықтырушы, құрамдас ақпараттық және компьютерлік белімдерін қамтитын технологиялық жүйе болып табылады. Бұл дидактикалық біртұтастықтың өзі оку пәндерінін мазмұнын дидактикалық үдерістен тыс жүзеге асыру мүмкін еместігін және нақты мазмұнды жүйеге асырмай дидактикалық үдерістін де жүзеге аспайтындығының айқын дәлелі болмак [1].

Өзінін ұсынылған анықтамалық ұғымына қарағанда, ұсынылып отырған қамтамасыз етудің түрі – өзіне екі жеке-дара, дербес және сол мезетте өзара тығызыңызды, бірін-бірі өзара толықтырушы, құрамдас ақпараттық және компьютерлік белімдерін қамтитын технологиялық жүйе болып табылады.

Маманды дайындаудың мазмұнды аспектін қамтамасыз ететін аталған екі құрамдас беліктін біріншісін, алға қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуге ықпал ететін, яғни кепілденген педагогикалық нәтижеге жетуге ықпал ететін әртурлі және оқытушы ақпаратты білім алушыларға және дәріс берушілерге толық әрі дәл ұсыну мәселесі шенберінде қарастырған тиімді.

Дене тәрбиесі саласында білім алатын студент жастарадын дайындығы ақпараттық қамтамасыз етудің өзі жүйелі кешенді құрайды.

Ал бұл кешенге студенттер мен ұстаздар арасында педагогикалық белсенді ақпараттық өзара байланысын орнату үшін қажетті жағдайды жасау мақсатында қолданбалы педагогикалық бағдарламалар коры, мәліметтер базасы, сонымен қатар, оку үдерісін қамтамасыз етуші және қолдаушы дидактикалық құралдары мен әдістемелік материалдары енеді. Осылайша электронды тасымалдағы пәндей салаға жауап беретіндей өзіндік білім базасын қалыптастыру керектігі айтылып отыр.

Сонымен мысалға алсақ, бірқатар жоғарғы оку орындарында «математика және информатика» болашақ мамандарды көсіби дайындауда табысты



турде колданылып келеді. Оку пәнін ақпараттық камтамасыз етуші дидактикалық кешенін кұрамына мыналар енгізілген:

- пәннің жұмыс жасауыш бағдарламасы;
  - базалық бағдарламалық қамтамасыздандыруши (офис) жиынтығы;
  - «Консультант Плюс» акпараттық-анықтамалық жүйесі.

Осындаі кешендерді пайдаланудағы артықшылықтардың ішінен келесілерін ерекше атап өткен дүрыс болар:

- біріншіден, атальған дидактикалық кешендер пайдаланушыларға оқытушы қажетті ақпаратты жинақтау, ұйымдастыру, сактау, өңдеу, көрсету және беру мақсатында шоғырланған педагогикалық құралдардың біртұтас жүйесі сиякты жобаланады және құрылады;
  - екіншіден, дидактикалық кешендердің барлық элементтері өзара өте тығыз байланысты, сонымен қатар бағдарламалы құралдары және біртұтас ақпараттық негізі қаланған ортасы бар;
  - үшіншіден, дидактикалық кешендерді жобалаудағы бастапкы кезінен, оның жоғары оку орындарының бөлшектелген және локальды компьютерлік желілерінде, сонымен бірге қашықтықтан оқытуда пайдалана алу мүмкіндігі алдын-ала қарастырылады [2].

Студентті дайындағы процессуалдық жағын қамтамасыз ететін екінші құрамдас бөлігі ретінде оқытуудың жана заманғы ақпараттық технологияларды көсіби деңгейде дайындау үдерісінде қолдану негізінде жүзеге асатын компьютерлік қамтамасыз етуді қарастырған дұрыс. Бұл – қазіргі заманғы технологиялар: (барлық деңгейдегі компьютерлер, дисплей, принтер жады, компьютерге сөзді ендіру құралы, сканер, жазу тақтайшасы, мәліметтер базасы, білім базасы, мультимедия жүйесі, бейнеметін, модем, компьютерлік жөлілер, электронды пошта, электронды конференциялар, ақпараттық ізденіс жүйесі, сараптамалық білім беруші жүйелер, графикалық ақпаратты шығару құрылғылары, гипермәтіндік жүйелер, дауысты электронды пошта, хабарландырулардың электронды тақтасы, интернеттегі новигацияның бағдарламалық құралдары, автоматтандырылған кітапханалар, оқытуға арналған бағдарламалық құралдар, редакциялық баспа жүйелер, CD-ROM, мәтінді танып-білу жүйелері, бағдарламалық кешендер, (бағдарламалаушы тілдер, транслиторлар) мәтін бойынша сөз жинақтаушы синтезаторлары, мәліметтерді беру құралдары) сиякты құралдардың интерактивті бағдарламалық - әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы компьютерлік техникалар, телекоммуникациялық байланыс құралдары, құрал-саймандық бағдарламалық құралдардың жиынтығы болып табылады.

Білімнің ғылыми ақпараттық технологияларды байланыстыруыш қызметін атқарады, яғни айналасында білім алушы мен білім берушінің арасындағы белсенді педагогикалық өзара байланысқа ықпал ететін қажетті ақпараттық ортаның қалыптасатын маңызды өзегі болып табылады.

Оқытудың ғылыми-ақпараттық технологияларын жобалау кезінде педагог ен алдымен көсібі дайындықтың мазмұны мен мақсаттарына сай шешілген мәселелерге, қолданыстағы әдістемелерге сай дидактикалық кешенниң құрылымы мен мазмұнын айқындайды. Бұл жағдайда дидактикалық кешен оқытудың жаңа ақпараттық технологияларының шешуші элементтіне айналып, өз қызметі бойынша жұмыс жасайды және осы аталған технологиялардың негізіне айналуда.

Оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын педагогтін көмегімен жобалаудын нәтижесі бұл болашак оқу үдерісі жобасының езіндік құжаты бола алатын технологиялық карта болып табылады. Жалпы оқу үдерісі жобасының технологиялық картасы нені қамтиды? Оқытудың табыстылығы қамтамасыз ететін біртұтас және кең көлемде көрсетілген келесі басты параметрлерін қамтиды:

Диагностикалық мақсаттылық, логикалық құрылым, бақылау тапсырмалары мен материалды мөлшерлеу, дидактикалық үдерісті, дидактикалық кешеннің қажетті элементтерін қолдану реттілігін айқындастырып педагог қызметінін алғашкы қадамдық және кезеңдік бірізділігі, бақылау жүйесі, бағалау және нақтылау сияқты параметрлерін қамтиды.

Сонымен ақпараттық компьютерлік қамтамасыз ету шеңберінде оқытуды жаңа ақпараттық технологиялар үдерісі ретінде немесе оны жобалаудын (суреттеудің, моделдеудің, нәтижесі ретінде ғана қарастырылмайды, сонымен қатар ол педагог қолындағы өзіндік «құрал-сайман» ретінде, оған оку үдерісін технологиялық деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы құрал ретінде қарастырылуда [3].

Дене тәрбиеесі саласында студенттердің дене дайындығын ақпараттық компьютерлік қамтамасыз етудің кешендік моделін жасауда біз ақпараттық компьютерлік қызметпен қамтамасыз ету келесі жағдайларға себепкөр болатындығына сүйенген болатынбыз.



Сонымен ақпараттық компьютерлік қамтамасыз етудің кешендік моделі төменде анықталған жағдайларға ықпал етуге тиісті:

- білім берудегі, тәрбиедегі, мәселелерді және нормативтік мәселелерді шүғыл шешуді жетілдіруге;
- білім алушылардың жеке даралық, психологиялық қабілеттерін ашып анықтауға, дамытуға және сактауға;
- білім беру үдерісінін субъектілерінін танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін сонымен қатар олардың өз білімін жетілдіруге өзін-өзі дамытуға талпынуын қалыптастыруға;
- оқу-тәрбие үдерісінін негізгі құрамдас бөліктерінің кешенділігін қамтамасыз етуге;
- білім беру мен дене тәрбиесіндегі құралдарды және әдістерді таңдау еркіндігін қамтамасыз етудегі даралыққа сарапануына;
- білім беруші тәрбие беруші жаңа жүйелерді құрастыруға және модельдеуге, сонымен қатар бар формалар (түрлер) мен әдістердің мазмұнын үнемі динамикалық түрде жаңартып отыруға тиіс.

Дене тәрбиесі саласындағы студенттердің дайындығын ақпараттық – компьютерлік қамтамасыз етуші модельді қалыптастыру кезінде біз модельдің түпкі мән-мағынасымен байланысты негізгі тұжырымдамалық нұсқаулықтарға сүйенген болатынбыз.

Дене тәрбиесі бойынша жоғарғы оқу орындарына арналған жобалық мемлекеттік бағдарламасында белгіленгендей, жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі оқытылатын пән ретінде және болашақ маманың тұлға ретінде біртұтас дамуының маңызды компоненті ретінде анық көрсетілген.

Дене тәрбиесі студенттердің қабілеттері мен мәнді мағыналы күш – куатын іске асыру межесі мен әдістері, сонымен қатар өмірлік іс-әрекеттің биологиялық мүмкіндігін қамтамасыз ететін әлеуметтік мәдени болмыстық факторлардың алғы шарттарының бір түрі болып табылады.

Дене тәрбиесі студенттің жеке тұлғасын қалыптастыруды негізін қалаушы бірқатар принциптерге сүйенеді:

- тұлғаның дене тәрбиесін қалыптастыруды педагогикалық технологиялар жүйесіндегі элементтер арасындағы өзара байланыстардың қатаңдығы мен біртұтастық принципі;
- мақсаттылыққа қатысты болжамдылық принципі;
- дене тәрбиесі саласындағы ғылымилық принципі;
- білім беруші іс-әрекеттің нәтижесін объективті бағалау принципі;
- тұлғаның дене тәрбиесін қалыптастыруды мәдени тұрғыдан көзқарас таныту принципі;
- дене тәрбиесіндегі дамытушылық және нақтылаушылық принципі;
- дене мәдениеті тәрбиесіндегі вариативтілік принципі;
- дене мәдениеті мен тәрбиелеу үдерісін ықшамдау принципі [4].

Студенттердің дене мәдениетін қалыптастыру үдерісін тиімділеудің шарттары:

- болжамды қойылған мақсатты есепке ала отырып, білім берудегі тәрбиелеудегі мәселелерді шешудін сапасы мен тиімділігі;
- студенттер мен ұстаздардың белгіленген нәтижелерге жетуде жіберген уақыт шығынының орны толып, өтелуі;
- студенттер мен ұстаздардың алдына қойған мақсаттарына арнайы бөлінген уақытта жету үшін жіберген күш-куат, талпыныс шығынының қол жетімділігі.

Студент жастардың дене мәдениетін қалыптастыруды оптимизациялау (тиімділеу) үдерісін ақпараттандырудың бірқатар өзара тығыз байланысты іс - әрекеттері алдын- ала айқындалды:

- 1) білім берудегі, тәрбиелеудегі және олардың тен дәрежедегі үйлесімділігі негізінде дамуына байланысты аса маңызды мәселелердің кешенді жоспарлануы;
- 2) студенттердің дене тәрбиесін қалыптастыруды мәселелерін олардың шын мәніндегі мүмкіндіктері мен оқытылу жағдайын зерттеп анықтау негізінде нақтылай түсу;
- 3) теориялық және практикалық материалдарды оқып білуде оптимальды логикалық бірізділікті таңдау;
- 4) оқушының гендерлік қасиеттерін, жасын, физикалық дайындығын, бағдарламалық материалды сабактар уақыты мен өткізілетін орнын ескере отырып, физикалық қабілеттерін дамытудың оптимальды әдістерін таңдау;
- 5) нақты мәселелер мен жағдайларға байланысты оқытылатын сабактардың оптимальді мазмұнын таңдау. Оқытылатын сабактардың әртүрлі мазмұндармен және олардың ішінде негізгі орын алатын мазмұнмен арадағы қатынастарын қадағалау;



6) білім беру қызметіндегі студенттердің еңбегін ғылыми түрфыда ұйымдастыру жағдайында физикалық және кәсіби жұмыска қабілеттілігін ескере отырып оптимальды жүктемелерді айқындау, анықтау;

7) студенттер мен мұғалімдердің оку қызметін басқарудың барынша тиісті әдістер мен құралдарды тандау оку қызметін бакылауды жүзеге асыру, нақтылай түсу және мотивациялық қолдау көрсету;

8) сабактарда моральдық – психологиялық климатты орнату және аса қолайлы жағдайларды қалыптастыру;

9) студенттердің шын мәніндегі мүмкіндіктерімен нәтижелердің сәйкестігін анықтау және студенттердің физикалық, дене тәрбиесі мен спорттық дайындығына кеткен уақыт шығынын есептеу;

10) студенттердің физикалық түрғыда өзін-өзі жетілдіруін қадағалау мен басқарудың оптимальды (тиімді) нұсқаларын анықтау.

Оқыту пәні ретіндегі дене тәрбиесінің мақсаты студенттің біздін түсінігіміз бойынша, жалпы мәдениеті есептелеғін тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Студенттің жеке тұлғасы – бұл білім мен тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізілген физикалық жетілгендігі, әлемметтік-рухани құндылықтары, іс-әрекеттік құнды бағдары интеллектуалды қабілеттері мен арнайы білім деңгейімен бағаланатын сапалы, жүйелі, динамикалық ахуалы және іс-әрекеттімен өмір дағдысына, өмір сұру мәдениетіне шоғырланған (топтастырылған) оның физикалық түрғыда өзін-өзі жетілдіруі, дамытуы, руханилығы және психофизикалық денсаулығы болып табылады.

Осылайша, студент тұлғасының физикалық мәдениетінін технологиялық құрылымына оның бес негізгі құрамадас бөлігі, олардың жиырма жеті компоненті және осы компоненттердің қырық алты қасиеті енгізілген.

Сонымен, дене тәрбиесі саласындағы студенттердің дайындығы білімі және интеллектуалды қабілеттерін қалыптастыруға; дене бітімінің жетілдірілуін, мотивациялық құнды бағдарын, әлеуметтік-рухани құндылықтарын дамытуға; дене тәрбиесі мен спорттық іс-әрекеттерге (спорттық сауықтырушы, кәсіби-қолданбалы, білімділік, педагогикалық, физикалық өзін-өзі жетілдіруге) қызықтыру болып табылады [4].

### Әдебиеттер:

1. Нұрлыбекова А.Б. Повышение роли физического воспитания в учебно-воспитательном процессе. – Алматы, 1995. – 55с.
2. Сыздыков О.С. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері. – Алматы, 2002. – 320б.
3. Смаилов С.С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. Монография. – Алматы: Рауан, 1997. – 196с.
4. Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі. Пед. ғыл. докт. дисс....- Түркістан, 2007. – 446